

Жоба 2014 жылы басталған және Альцгеймер ауруы, II типті қант диабеті, ревматоидты артрит және жүйелі қызыл жегі ауруын емдеуге арналған дәрі-дәрмектерді жасауға бағытталған.

Серіктестіктің маңызды элементі - деректерге қол жетімділікті қамтамасыз ету. Сондай-ақ, АҚШ-та дәл дәрі-дәрмек бастамасы жүзеге асырылуда. Оның мақсаты - биомедицина саласындағы жаңалықтарға сүйену, геномика жетістіктерін пайдалану, үлкен деректерді басқару және денсаулық сақтаудың ақпараттық технологиялары. Осы бастама аясында фармацевтикалық өнеркәсіптің, пациенттер топтарының, ғылыми орталықтардың қатысуымен зерттеулерді қаржыландыру жоспарланып отыр. Бастаманың мақсаты - жобаға 1 миллионнан астам еріктілерді тарту және медициналық деректерді, соның ішінде генетикалық деректерді қамтитын пациенттер тізімін құру. Бұл жаңа дәрі-дәрмектерді шығаруды ынталандырады және медициналық қызметті жақсартуға ықпал етеді деп болжанады (аурулардың алдын-алу және емдеу).

Қорытындылайтын болсақ, зерттеу барысында АҚШ та МЖӘ жобаларының даму тарихы нақты инфрақұрылым және инновациялық саланы қамтығанын байқауымызға болады. Сонымен қатар, АҚШ тәжірибесі көрсеткендей, инновациялық процесті жеке қаржыландыру арқылы да, мемлекеттік қаржыландыру арқылы да дамытуға болады. Мұның бәрі инвестиция көзіне емес, оның тиімділігіне байланысты. Елдегі инвестициялық климаттың табиғаты, инновациялық процеске қатысушылардың қатынастарын реттейтін заңнамалық базаның дамуы, ғылыми зерттеулерді ақпараттық-материалдық қамтамасыз ету, ынтымақтастық маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда МЖӘ жобалары денсаулық сақтау және білім беру салаларына көп көңіл бөлінуде. Осылайша, маңызды жобаларды іске асыру, жаңа технологияларды құру және енгізу, нәтижелерді бірлесіп пайдалану үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестікті қолдану АҚШ-қа осы бағытта әлемде жетекші орын алуға мүмкіндік берді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Варнавский В.Г. Партнерство государства и частного сектора: формы, проекты, риски. – М.: Наука, 2005. -С.3-21.
2. Кабашкин В.А., Нерсисян Л.Г.. Финансовый кризис и перспективы государственно частного партнерства в Соединенных Штатах Америки и Канаде. Серия: «Мировая экономика. Современное взаимодействие власти и бизнеса». - М.: ООО «МИЦ», 2010. С.37-56.
3. Электрондық дереккөз: Public Works Financing: <https://pwfinance.net/>
4. Шаманина Э.А. Сферы применения государственно-частного партнерства в США // Государственно-частное партнерство. — 2016. — Т. 3. — № 2. — С. 135–150.
5. Электрондық дереккөз: Государственно-частное партнерство в сфере здравоохранения. Международный опыт: <https://www.apteka.ua/article/423444>.

УДК 334

#### **ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУДА МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК МЕХАНИЗМДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ**

**Мелдеш Диана Керімжанқызы**

[meldesh\\_d@mail.ru](mailto:meldesh_d@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 7М04133 Мемлекеттік-жекешелік әріптестік экономикасы тобының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Рыспекова М.О.

Инфрақұрылымды дамыту міндеті еліміздің экономикалық саясатында бірінші орынға шықты. Жалпы әлеуметтік-экономикалық өмірдің өзгеруі және жаңаруы, жалғыз мемлекеттің әлеуметтік маңызды функцияларды сапалы орындауына ауыртпалықтар туғызады.

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін инвестициялар тарту проблемасы жаңа емес, бірақ осы бағытты дамытуға арналған бюджет тапшылығы жағдайында өте өткір күйінде қалып отыр. Әлеуметтік-экономикалық дамудың ауқымды және жергілікті міндеттерін іске асыру тұрғысынан мемлекет пен жеке серіктестіктің ынтымақтастығы бұрыннан бері жүзеге асырылып келеді. Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда мемлекеттік-жекеменшік серіктестік тетігін қолдану бойынша шетелдік тәжірибені зерделеу мәселесінің өзектілігі - мемлекет пен жеке серіктестіктің өзара әрекеттесуінің Қазақстан жағдайында сәтті енгізілуі мүмкін, жаңа формаларын іздеу мүмкіндігімен байланысты болып табылады.

Еліміздегі инфрақұрылымның жағдайы (жай-күйі) және оның одан әрі дамуы маңызды екені барлығымызға анық. Инфрақұрылымға елеулі инвестициялардың жұмылдыруына қарамастан, оның әлемнің дамыған елдерінен айтарлықтай артта қалуы әлі де байқалады. Тұжырымдамалық контексте, инфрақұрылымға сілтеме жасағанда, көптеген дереккөздер мен пікірлер көлік инфрақұрылымына назар аударады. Алайда, елдің қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін көлік инфрақұрылымын ғана емес, оның барлық даму бағыттарын: көліктік және әлеуметтік, коммуникациялық, тұрғын үй, инженерлік, ғылыми, ақпараттық, қорғанысқа дейінгі жаңарту маңызды. Бұл тұрғыда мектептер, ауруханалар, жатақханалар, стадиондар, жергілікті автожолдар сияқты әлеуетті жобалар объектілерін, сондай - ақ өңірлік энергетика, жылу және сумен жабдықтау, кәріз, қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату (кәріз-тазарту жүйелері) саласындағы объектілерді көрсету қажет.

Жоба шеңберінде инфрақұрылымның жаңа объектілерін құру ғана емес, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған объектілерді реконструкциялау (олардың тозуы тұтастай ел бойынша 50% - дан астам) міндеті қойылуы мүмкін екенін ұмытпаған жөн.

ҚР ҰЭМ деректері бойынша 2008-2018 жылдары еліміздің инфрақұрылымын дамытуға 30 млрд. АҚШ доллары жұмсалған. Осы кезеңде 2 мың км астам темір жол салынды, 6,3 мың км автомобиль жолдары қайта жаңартылды, Каспийдегі порттық қуаттылық 26 млн.тоннаға дейін ұлғайтылды, елдің 15 әуежайындағы кешендер қайта жаңартылды [1].

Қазіргі таңда жеке инвестицияларды тартпай, ел инфрақұрылымын одан әрі жаңғырту мүмкін емес. Олар Қазақстан экономикасының өсу қарқынын мультипликативті арттыра отырып, экономиканың барлық салаларын қолдау мен дамытуда маңызды рөл атқарады.

Бұл тұрғыда инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жеке капиталды тартудың жаңа тиімді жолдарын табу және енгізу, әсіресе әлемнің барлық елдері экономикасының жаһандық құлдырауының ағымдағы жағдайларында басым міндеттердің бірі болып табылады. Инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудың осындай тетіктерінің бірі мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) тетіктері арқылы жеке капиталды тарту болып табылады, ол әлемдік және отандық тәжірибе көрсетіп отырғандай, өзін жеке капиталдың қоғам өміріне және тұтастай алғанда ел өміріне қатысуын жандандырудың пәрменді құралы ретінде көрсетті.

Инфрақұрылымдық жоба деп - уақыт пен қаржылық шектеулерді, сондай-ақ қойылған нәтижелер сапасына қойылатын талаптар ескере отырып, іске асырылатын өзара байланысты және дәйекті әрекеттер кешені түсініледі (инфрақұрылым нысандарды құру, жаңарту немесе кеңейту).

**Ұлыбритания.** Ұлыбританияда мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру тәжірибесі қызықты болып табылады. Мәселен, Ұлыбританияда "мемлекеттік – жекешелік әріптестік" (бұдан әрі-МЖӘ) ұғымы "жеке қаржылық бастама" ұғымымен бірдей. Мемлекеттің рөлі - жеке тұлғаларға жүгіну арқылы объектілерді салуға бастамашылық ету болды, алайда мұндай жобаларды бастапқы қаржыландыру жүзеге асырылмаған.

Құрылыс аяқталғаннан кейін өздері салған объектілерді пайдаланған жеке құрылымдар мемлекеттен тұрақты төлемдер алды, бұл бизнеске мемлекеттік төлемдер арқылы салыстырмалы түрде аз тәуекелді рентаны алуға мүмкіндік берді. МЖӘ осындай жобалардың аз тәуекелділігінің және халықаралық қаржыландыру көздерін тарту мүмкіндігінің арқасында тиімді тетік ретінде өз танымалдығын алды [2]. Әрі қарай МЖӘ тетігі үнемі жетілдіріліп,

жобалар экономиканың көптеген салаларында кеңінен таралды. МЖӘ тетігі арқылы инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру білім беру, денсаулық сақтау, көлік инфрақұрылымы және т.б. салаларда жүзеге асырылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына конкурстық сауда-саттық арқылы, жобаларды іске асыратын жеке ұйымдарды таңдау құқығы берілген. Сондай-ақ, Ұлыбританияда мемлекеттік органдар, атап айтқанда муниципалдық билік, ұсынымдар кешені арқылы МЖӘ негізінде іске асатын, тұрғын үй-коммуналдық секторындағы инфрақұрылымдық жобаларға белсенді қатысады. Ол: әлеуетті жекеше әріптестерге конкурстық рәсімді өткізу туралы ақпаратты жеткізу тәртібі, жобалар, оларды іске асыру ерекшеліктері, қаржылық сипаттамалары туралы ақпаратты қамтиды [2]. Елде МЖӘ арқылы инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға мемлекет бөлген қаражатының жұмсалыуына тиімді бақылау және мониторинг жүргізіледі. Мұндай тексерулерді тәуелсіз органдар (парламенттік комитеттер, Ұлттық қаржы-тексеру басқармасы) жүзеге асырады.

**Франция.** Инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудың Француз моделі - МЖӘ тетігі арқылы жобаларды мемлекет, жергілікті билік, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі билік құрылымдарының интеграциясын ұсынады. Жергілікті мемлекеттік билік органдарына, конкурстық рәсімдерді өткізу немесе шартқа қол қою секілді ұйымдық сипаттағы міндеттер жүктелген [3].

Франциядағы МЖӘ іске асырылуында, Парламенттік актіні немесе ұлттық қаулыны қабылдау негіз болады. МЖӘ қағидаттары бойынша жұмыс істейтін шетелдік компаниялар сонымен қатар жетекші позицияларға ие француз компанияларымен ұсынылған. Қазіргі таңда, Француз компаниялары құрған базалық, "Француз моделі" деп аталатын әйгілі концессия моделі белсенді дамып келеді.

Бұл модельдің ерекшеліктеріне мыналарды атауға болады: концессионердің концессияға берілген мемлекеттік (муниципалдық) мүлікті жекешелендірудің мүмкін еместігі. Концессионерге концессияның өзін әзірлеу бойынша да, инфрақұрылымдық объектілерді құруға немесе жаңартуға және оларды пайдалануға (концессияның интегралдық сипаты) бағытталған іс-шараларды іске асыру бойынша да міндеттер жүктелген. МЖӘ шарттарын реттейтін нормативтік актілер санының жеткілікті болуына қарамастан, оларда " мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты "ұғымы тіркелмеген. Францияда МЖӘ-ні іске асыру мынадай нысандарда іске асырылады (кесте 1).

МЖӘ негізінде инфрақұрылымдық жобаны іске асырудың табысты мысалы ретінде, Франция мен Англия арасында Еуротоннельді айтуымызға болады (қаржыландыру көлемі – 10 млрд фунт стерлинг (инфляцияны ескере отырып). Туннель құрылысының бас мердігері-TransManche Link ағылшын-француз консорциумы, оған он құрылыс компаниясы және екі елдің бес инвестициялық банкі кіреді.

**Кесте – 1. Франциядағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік нысандары**

Концессия	Концессионер (конценденттің тапсырмасы бойынша) - мемлекеттік инфрақұрылым құрылысына қатысады немесе қоғамдық қызметтер көрсетеді; концессионер объектіні пайдалану процесінде тәуекелдерді өз мойнына алады. Сыйақы ретінде концессионер қызметті тұтынушылардан төлемдер алады (көбінесе бұл мемлекеттік қаржыландыру, жеке тәуекелді айтарлықтай төмендетуі мүмкін белгіленген коэффициенттен аспаған жағдайда іске асады).
Жалға алу келісім-шартына қол қою	Келісімшарттың мақсаты қоғамдық қызмет көрсету ("affermage") болып табылады. Нысан қоғамдық қызмет көрсету мақсатында пайдалану жағдайында қолданылады. Бұл жағдайда жалға алу шарты инфрақұрылымдық жобаны пайдалану және оған қызмет көрсету бөлігінде жасалады.

Серіктестік туралы шарт	Шаруашылық-экономикалық қызметтің кез келген саласында қолданылады. Мемлекеттік орган мен жеке серіктес арасындағы тәуекелдерді бөлу осы форманың негізі болып табылады. Шартта көрсетілген міндеттемелер жеке әріптесті қаржылық қамтамасыз етуді және мемлекет тарапынан төлемдерді алдын ала айқындауға негізделеді. Шартта міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін айыппұлдар жүйесіне ерекше назар аударылған.
-------------------------	--

**АҚШ.** АҚШ-та жеке серіктестікпен мемлекеттің өзара іс-қимылы мен қарым-қатынасы тетігі де қазіргі таңда сәтті қолданылуда. Егер АҚШ-тың инвестицияларды тарту бойынша осындай өзара іс-қимылды дамыту жөніндегі тәжірибесін бағалайтын болсақ, 2005 жылы құрылған Ұлттық кеңестің (The National Council for Public-Private Partnerships, NCP) қызметін атап өту қажет. Мұндай институттың мақсаты-федералды, мемлекеттік және жергілікті деңгейлерде МЖӘ-нің тиімді дамуына ықпал ететін жағдайларды қалыптастыру болып табылады. Ұлттық кеңестің мәліметтері бойынша, АҚШ-тың инфрақұрылымдық жобалары МЖӘ тетігі 200 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылып келеді және қазіргі уақытта 1000-ға жуық жоба қолданыста.

АҚШ-та МЖӘ реттейтін федералды заң жоқ. Көптеген мемлекеттер жобаларды нақты салалардағы қолданыстағы жергілікті нормативтік құқықтық актілер негізінде осы нысанды қолдана отырып жүзеге асырады. Статистикаға сәйкес, қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін халыққа көрсетілетін 65 негізгі муниципалды қызметтердің 23-і жеке серіктестерге тиесілі. Бұл құрал АҚШ-та жыл сайын дамып келеді. МЖӘ тетігі арқылы білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуда. АҚШ-телекоммуникация саласындағы жобаларды жеке құрылымдар жүзеге асыратын жалғыз ел және мұнай, газ саласында мемлекеттік кәсіпорындары жоқ, экономикасы дамыған санаулы елдердің бірі.

**Германия.** Германия банктері және басқа қаржы институттары МЖӘ дамыту мәселелері бойынша белсенді қатысушылардың бірі болып табылады [4]. Неміс заңнамасы инвестиция тартудың осы түрінің маңызды қажеттілігін мойындайды. МЖӘ саласында нормативтік-құқықтық құжаттардың болмауы, салық және бюджет заңнамасының кейбір тармақтары және мемлекеттік тапсырыстарды орналастыруды реттеу, жеке инвесторлардың қаражаты есебінен автомобиль магистральдарының құрылысын қаржыландыру нормалары, "Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктерді іске асыруды жеделдету және олар үшін жалпы құқықтық жағдайларды жақсарту туралы" заңның қабылдануын алдын ала айқындады [4,5].

Негізінде Германияда инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру МЖӘ алғаш рет кооперативтік құрылыста жүзеге асырылды. Автомагистральдар салу саласындағы МЖӘ механизмі арқылы қайта қаржыландыру ақылы төлемдерді мемлекеттік заңнама ережелеріне сәйкес мемлекеттік баж түрінде жинау арқылы ғана емес, сонымен бірге азаматтық заңнамаға сәйкес ақы төлеу арқылы да жүзеге асылған.

Германияда МЖӘ дамыту мәселелерімен МЖӘ орталықтарының дамыған инфрақұрылымы (МЖӘ дамытудың жедел топтары) айналысады. Олар жобалық, Үйлестіру, кеңес беру және ғылыми-әдістемелік қызметтерді жүзеге асырады.

МЖӘ дамуының белсенді кезеңі 2002 жылға келеді: елдің барлық дерлік округтерінде МЖӘ орталықтары құрылды, жоғарыда аталған заң қабылданып, "Германия әріптестігі" консалтингтік компаниясы ашылды. Көп жағдайда Германияда инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудың ерекшелігі ретінде - МЖӘ объектісі мемлекеттік меншікке айналып, ал жеке құрылымдарға олардың белгілі бір мерзімге толыққанды жай-күйін қамтамасыз ету міндеті жүктелгендігін атауға болады.

Шет елдердің (АҚШ, Еуропа елдері) тәжірибесі мен даму тарихы көрсетіп отырғандай, МЖӘ қажеттілігі негізінен мемлекеттің жауапкершілігі жоғары және әлеуметтік құрамдас бөлігі бірінші орында тұрған салаларда туындайды, яғни бұл қоғамдық инфрақұрылым

объектілері және әлеуметтік жобалар болып табылады (көлік, коммуналдық, әлеуметтік, мәдениет объектілері, саябақтар, қоғамдық орындар, коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету жүйесі, тарих және сәулет ескерткіштері, сондай-ақ қоғамдық объектілерді жөндеу, реконструкциялау және күтіп-ұстау, аумақтарды тазалау және көгалдандыру, ТКШ, білім беру, денсаулық сақтау).

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда МЖӘ тетігін қолданудың шетелдік тәжірибесін зерделеу инвестицияларды тарту процесінде мемлекет пен жеке құрылымдардың өзара іс-қимыл тәртібінің ерекше құқықтық ерекшеліктері туралы сөз қозғауға мүмкіндік берді.

Аталған елдер қатарында, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетігін қолдану бойынша Германияның және Ұлыбританияның тәжірибесі қызығушылық тудырады.

Нақтырақ айтатын болсам, Германияда нақты инфрақұрылым объектілерін МЖӘ арқылы сәтті жүзеге асырылған жобалар басымырақ. МЖӘ қадағалап отыратын арнайы Муниципалитет орталықтары, жобаларды іске асыруда жеке секторды тартуға және маңызы бар объектілерді дамытуға және жаңғыртуға аса назар аударады.

Ал Ұлыбританиядағы еліміздің тәжірибесіне енгізуге елеулі оң әсер ететін, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға мемлекет бөлген қаражатының жұмсалуына тиімді бақылау және мониторинг жүргізетін тәуелсіз органдардың (парламенттік комитеттер, Ұлттық қаржы-тексеру басқармасы) қызметін атап өткеніміз жөн.

Қазақстанда мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту жолындағы кедергілерге:

- МЖӘ ұлттық саясатының (МЖӘ стратегиясының) болмауы);
- МЖӘ туралы заңнамадағы тұрақты және ішінара өзгерістер;
- Бюджет саясатының ашық жүргізілмеуін.

Сонымен қатар, осы тұста коронавирустың өршуі бүкіл әлем бойынша таралып жатқандықтан, Қазақстанда жұмыс істеп тұрған көптеген МЖӘ жобалары табыс алуға байланысты елеулі проблемаларға тап болатынын атап өткен жөн. Қазақстанның денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, коммуналдық шаруашылық жүйесіне және басқа да мемлекеттік инфрақұрылымына жеке инвестицияларды тарту қажеттілігі бұрынғыдан да өткір бола түсті. 2019 жылғы қолданыстағы МЖӘ саясатын қайта қарауды талап етеді.

Бұл мәселелерді шешудің бір нұсқасы ретінде, ашық тендер өткізбей, халықаралық қаржы институттары мен шетелдік инвесторлардың қатысуымен іске асырылатын жергілікті деңгейдегі экономиканың басым секторларында, неғұрлым жақсы ойластырылған МЖӘ инфрақұрылымына бағдарланған МЖӘ-нің жаңа ұлттық стратегиясын әзірлеуді атасақ болады. Және де бұл ұлттық стратегияны әзірлеу барысында, МЖӘ дамыған елдердің тәжірибесін де қолдану, бұл жұмысты жеңілдетуге үлкен үлесін қосады деген ойламын.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Электрондық қор. Кіру тәртібі: <https://www.mondaq.com/government-contracts-procurement-ppp>.
2. Болдырев А.Н. Государственно-частное партнерство: сущность, функции и мировая практика // Вестник Университета. 2018. №1. С. 14–19.
3. Варнавский В.Г. Государственно-частное партнерство: некоторые вопросы теории и практики // Мировая экономика и международные отношения. 2011. № 9. С. 41
4. Сухих В.Д., Руденко М.Н., Оборина Е.Д. Государственно-частное партнерство: опыт России и Германии // Вестник Пермского университета. 2013. №2(18). С. 32–35.
5. Flyvbjerg B. How (In) accurate are Demand Forecasts in Public Works Projects. The Case of Transportation / B. Flyvbjerg, M.K. Skamris, S.L. Buhl // Journal of the Planning Association, 2005. no.2, pp. 131–146.